

**«АТФБанк» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
(«АТФБанк» АҚ)
АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ
БАҒЫТТАМАСЫНА
ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР
МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

«Уәкілетті органның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу бағыттамасында көрсетілген акцияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдарды ұсынуды білдірмейді. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың дұрыстығына жауап бермейді. Акциялар шығарылымының бағыттамасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі үшін ғана қаралды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы бағыттамадағы ақпараттың дұрыстығына жауап береді және онда ұсынылған қоғамға және оның орналастыратын акцияларына қатысты барлық ақпараттың дұрыстығын және инвесторларды адастырмайтындығын растайды»

2007 жыл

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінде 2006 жылғы 07 қыркүйекте тіркелген Акциялар шығарылымының бағыттамасына «АТФБанк» АҚ-тың акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен бекітілген «Сатып алынатын акциялардың құнын анықтау тәртібі және орналыстырылған акцияларды «АТФБанк» АҚ-тың сатып алу әдістемесі» №1 қосымшамасымен толықтырылсын және төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

1. 2.2. тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

2007 жылдың 01 қарашасына жағдай бойынша «Акция шығарылымының бағыттамасы шығарылатын күнгі Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің тізімі»

<i>Директорлар кеңесі мүшесінің тегі, аты-жөні</i>	<i>Туылған күні, жылы</i>	<i>Қазіргі уақыттағы және соңғы 3 жылда атқарған қызметтері</i>	<i>Қазіргі уақыттағы және соңғы 3 жылда қоса атқарған қызметтері</i>	<i>Орналас-тырылған акциядағы акционер-лердің үлесі, (пайызбен)</i>
Исатаев Тимур Ризабекұлы	12 шілде 1969 жыл	«АТФБанк»АҚ: - Директорлар Кеңесінің Төрағасы, 15.08.2006ж. бастап қазіргі уақытқа дейін. - Директорлар Кеңесінің Төрағасының м.а., 01.07.2006ж. бастап, 14.08.2006ж. дейін. - Басқарма Төрағасы 13.11.2003ж.бастап, 30.06.2006ж. дейін, - Басқарма Төрағасының м.а., 26.09.2003ж. бастап, 12.11.2003 ж. дейін. - Басқарма Төрағасының Орынбасары 10.06.2003ж.бастап, 25.09.2003ж.дейін. - Басқарма Төрағасы орынбасарының м.а., 04.05.2003ж.бастап, 09.06.2003ж. дейін.	«Верный Капитал» АҚ: Директорлар Кеңесінің Төрағасы, 03.01.07ж. бастап қазіргі уақытқа дейін.	0
Смағұлов Нұрлан Еркебұланұлы	02 маусым 1965 жыл	«Астана групп» ЖШС: - Президент, 04.01.2006ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін. «Астана –Моторс» Қазақстан Мотор Компаниясы” ЖШС - Президент,01.07.2002ж. бастап,01.08.2007ж. дейін.		3,19%
Өтемұратов Әлидар Болатұлы	27 сәуір 1979 жыл	«VasGok» АҚ: Президент,4 қазаннан бастап, қазіргі уақытқа дейін.		10,63%
Қуанышев Талғат Жұманұлы	24 ақпан 1973 жыл	“АТФБанк”АҚ: - Басқарма Төрағасы 15.08.2003ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін. - Басқарма Төрағасыныңма. 01.07.2006ж. бастап, 14.08.2006 ж. дейін. - Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары, Басқарма	«Банк Сибирь» ЖАҚ: - Директорлар Кеңесінің Төрағасы, 04.05.2007ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін. «АТФБанк Қырғызстан» ААҚ: - Директорлар Кеңесінің Төрағасы,	0

		мүшесі, 13.06.2006ж.бастап, 30.06.2006ж.дейін. - Баскарма Төрағасының бірінші орынбасарының м.а. - Баскарма мүшесі, 3.04.2006ж.бастап, 12.06.2006ж. дейін. - Баскарма Төрағасының Кеңесшісі, 20.06.2005ж. бастап 12.04.2006ж. дейін. - Басқарушы директор, Баскарма мүшесі, 07.01.2002ж.бастап, 19.06.2005ж.дейін.	30.03.2007ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін. «Сохибкорбанк» ААҚ: Директорлар Кеңесінің мүшесі, 10.04.2007ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін.	
Хуберт Альберт Пандза	28 қыркүйек 1948 жыл	«АТФБанк» АҚ: Тәуелсіз директор, 5.08.2006ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін		0

2. 2.3. тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
2007 жылдың 01 қарашасына жағдай бойынша «Алқалық атқарушы орган – Банк Басқармасы».

<i>Басқарма мүшесінің тегі, аты-жөні</i>	<i>Туылған күні, жылы</i>	<i>Қазіргі уақыттағы және соңғы 3 жылда атқарған қызметтері</i>	<i>Қазіргі уақыттағы және соңғы 3 жылда қоса атқарған қызметтері</i>	<i>Орналастырылған акциядағы акционерлердің үлесі, (пайызбен)</i>
Қуанышев Талғат Жұманұлы	24 ақпан 1973 жыл	“АТФБанк” АҚ: - Баскарма Төрағасы 15.08.2003ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін. - Баскарма Төрағасының м.а. 01.07.2006ж. бастап, 14.08.2006 ж. дейін. - Баскарма Төрағасының бірінші орынбасары, 13.06.2006ж.бастап, 30.06.2006ж.дейін. - Баскарма Төрағасының бірінші орынбасарының м.а. - Баскарма мүшесі, 13.04.2006ж.бастап, 12.06.2006ж. дейін. - Баскарма Төрағасының Кеңесшісі, 20.06.2005ж. бастап 12.04.2006ж. дейін. - Басқарушы директор, Баскарма мүшесі, 07.01.2002ж.бастап, 19.06.2005ж.дейін.	«Банк Сибирь» ЖАҚ: - Директорлар Кеңесінің Төрағасы, 04.05.2007ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін. «АТФБанк Қырғызстан» ААҚ: - Директорлар Кеңесінің Төрағасы, 30.03.2007ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін. «Сохибкорбанк» ААҚ: - Директорлар Кеңесінің мүшесі, 10.04.2007ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін.	0
Синдонис Ирина Васильевна	15 маусым 1962 жыл	“АТФБанк” АҚ: - Баскарма Төрағасының бірінші орынбасары 15.08.2006 ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін. - Баскарма Төрағасының бірінші орынбасарының м.а.		0,000906 % 290 дана дауыс беру құқығы жоқ артықшылықты акциялар

		01.07.2006ж.бастап, 14.08.2006ж. дейін. Басқарушы директор 22.05.2001 ж.бастап, 30.06.2006ж. дейін.		
Әуезқанов Айдын Бегзіданұлы	16 қараша 1977 жыл.	«АТФБанк» АҚ: - Басқарушы директор, Басқарма мүшесі, 15.08.2006 ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін. - Басқарушы директордың м.а., Басқарма мүшесі, 01.07.2006ж. бастап, 14.08.2006ж. дейін. - Басқарушы директор 12.06.2006ж. бастап, 30.06.2006ж. дейін. «АТФ-Лизинг» АҚ - президент 19.07.2004 ж. бастап, 12.06.2006 ж. дейін. «Қазақстанның Халық Банкі» ААҚ-тың Алматы Облыстық филиалы: - корпоративтік бизнес жөніндегі директордың орынбасары, 06.05.2002 ж. бастап, 30.04.2004 ж. дейін.	«Банк Сибирь» ЖАҚ: - Директорлар Кеңесінің мүшесі, 04.05.07ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін. «АТФ Лизинг» АҚ: - Директорлар кеңесінің Төрағасы, 12.06.2006ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін.	0
Қосақов Нұрлан Атабекұлы	06 наурыз 1973жыл	«АТФБанк» АҚ: - Басқарушы Директор 20.06.2005ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін. - Басқарушы Директор, Несие беру Департаментінің Директоры 05.07.2004ж. бастап, 20.06.2005ж. дейін. - Несие беру Департаментінің Директоры 08.01.2002ж. бастап, 05.07.2004ж. дейін.		0
Сейтова Мухаббат Болатқызы	15 қараша 1971 жыл	«АТФБанк» АҚ: - Басқарушы Директор 12.03.2007ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін. - Алматы қ. Филиалының Директоры, 1.06.2006ж. бастап, 11.03.2007ж. дейін. - Ақтөбе қ. Филиалының Директоры, 3.08.2004ж. бастап, 20.06.2006ж. дейін.		0

Деревянко Аида Михайловна	27 сәуір 1962 жыл	«АТФБанк» АҚ: ▪ Бух. есеп жүргізу және есеп беру департаментінің Директоры – бас бухгалтер, 01.07.1998ж.бастап, қазіргі уақытқа дейін.		0,002312 % 740 дана дауыс беру құқығы жоқ артықшылықты акциялар
Шайдаров Надим Зейноллаұлы	29 қараша 1964 жыл	«АТФБанк» АҚ: ▪ Басқарушы Директор 15.04.2002ж.б астап, қазіргі уақытқа дейін дейін.		0 %
Рахманов Қайрат Асылханұлы	24 сәуір 1965 жыл	«АТФБанк» АҚ: ▪ Басқарушы директор 21.09.04ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін. ▪ Басқарушы директордың м.а. 14.06.2004ж. бастап, 21.09.04ж дейін. «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ ▪ Басқарушы Директор 08.01.2002ж.бастап, 13.06.2004ж. дейін	«АТФБанк» АҚ: ▪ Директорлар Кеңесінің Төрағасы, 26.04.2007ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін. «ATF Capital B.V.» ▪ Басқарушы Директор, 24.04.2006ж. бастап қазіргі уақытқа дейін.	0,000906 % 290 дана дауыс беру құқығы жоқ артықшылықты акциялар

3. 2.6.1. тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

2007 жылдың 19 маусымындағы жағдай бойынша «Банктің ірі акционерлері туралы мәліметтер»

№	Акционер - заңды тұлғаның толық атауы немесе акционер-жеке тұлғаның тегі, аты-жөні	Акционер - заңды тұлғаның қысқарған атауы немесе акционер-жеке тұлғаның тегі, аты-жөні	Акционер - заңды тұлғаның -заңды мекенжайы - немесе –акционер- жеке тұлғаның төлқұжаттық мәліметтері мен тұрғылықты жері	Дауыс беру акциясындағы акционерлер-дің үлесі (пайызбен)
1	Өтемұратов Болат Жамитұлы	Өтемұратов Б.Ж.	Жеке куәлігі №015274584 03.11.2003ж. ҚР ІІМ, Астана қ. Ирченко к-сі, 14-үй, 114-пәтер	35,21%
2	Өтемұратов Әнуар Болатұлы	Өтемұратов Ә.Б.	Жеке куәлігі №011294701 21.07.2000ж. ҚР ІІМ, Астана қ. Ирченко к	18,93%
3	Өтемұратов Әлидар Болатұлы	Өтемұратов Ә.Б.	Жеке куәлігі №015562556 06.05.2004ж. ҚР ІІМ, Астана қ. Ирченко к	18,95%
4	«КАЗЦИНК» Акционерлік қоғамы	«КАЗЦИНК» АҚ	ШҚО, Өскемен қ, Промышленный 1 к-сі	12,22 %

«АТФБанк» АҚ Директорлар кеңесімен	«АТФБанк» АҚ акционерлерінің Жылдық жалпы жиналысымен
«КЕЛІСІЛГЕН»	«БЕКІТІЛГЕН»
2006 жылғы «27» мамырдағы № 11/2006 хаттама	2006 жылғы «17» сәуірдегі № 2 (39) хаттама

**САТЫП АЛЫНАТЫН АКЦИЯЛАРДЫҢ ҚҰНЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ
ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ «АТФБАНК» АҚ-ТЫҢ САТЫП АЛУ ӘДІСТЕМЕСІ**

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Осы Әдістеме Қазақстан Республикасының заңнамасы мен «АТФБанк» АҚ Жарғысына сәйкес дайындалған және сатып алынатын акциялардың құнын Банктің анықтау әдістемесін және өзі арқылы орналастырылған акциялардың «АТФБанк» АҚ-тың сатып алу тәртібін анықтайды.
2. Осы Әдістемеді келесі ұғымдар қолданылады:
 - 1) *негізгі банк* - «АТФБанк» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Фурманов к-сі, 100.
 - 2) *ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы* - эмиссиялық бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдарының айналыс саласы, олармен сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сай жасалатын мәмілелер;
 - 3) *сауда-саттықты ұйымдастырушы* - қор биржасы және биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының баға белгілеу ұйымы;
 - 4) *тіркеуші* - бағалы қағаздар нарығының бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын кәсіби қатысушысы;
3. Осы Ереженің күші Банкпен орналастырылған акцияларды Банк сатып алғандағы келесі жағдайларда таратылады:
 - Банк бастамасы бойынша;
 - заңнамамен белгіленген жағдайларда, акционер талабы бойынша;
 - акционер өтініші бойынша;
 - сот шешімі бойынша.

**2-тарау. БАНКПЕН ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУДЫҢ ЖАЛПЫ
ШАРТТАРЫ**

4. Банкпен орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімді, осы мәселені Басқарма алдын ала бекіту үшін, Әдістеменің 1-тарауы, 6 тармағына сәйкес Директорлар кеңесі қабылдайды.
- Акцияларды сатып алу бойынша ұсыныс тиісті түрде келесі мәліметтерден тұруы тиіс:
- 1) Банкпен орналастырылған акцияларды сатып алу мақсаттары және сатып алу мақсатына лайықты негіздеу;
 - 2) Банктің сатып алуы үшін ұсынылған Банкпен орналастырылған акциялардың саны мен түрі;
 - 3) сатып алу құны және сатып алу құнын анықтау әдістемесі;
 - 4) сатып алу мерзімі;
 - 5) сатып алудың өзге де шарттары.
 5. Өзі орналастырған акцияларды Банктің сатып алуын іске асыруға тыйым салатын қолданыстағы заңнамамен көзделген негіздемелер болған жағдайда, Банк өзі орналастырған акцияларды сатып алуды іске асыруға құқығы жоқ.
 6. Банк сатып алатын акциялардың саны Банкпен жалпы орналастырылған акциялары санының 25%-нан аспауға тиіс, ал орналастырған акцияларды сатып алуға шыққан шығындар Банктің меншікті капиталы

мөлшерінің 10% аспауға тиіс:

- 1) акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу – қолданыстағы заңнамаға және/немесе Банк Жарғысына сәйкес акционерге өзіне тиесілі Банк акцияларын сатып алу бойынша, Банк акционерлерінің жалпы жиналысы бір немесе бірнеше шешімдерді қабылдаған күндегі жағдай бойынша акционерге талап ету құқығын беретін талапты ұсынуға;
 - 2) Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу–орналастырылған Банк акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі жағдай бойынша.
7. Банк сатып алған акциялар туралы мәліметтері Банктің бағалы қағаздарын ұстаушыларының тізіліміне міндетті түрде қосылуға тиіс.
 8. Банк зейнетақы қорларынан өзіне меншікті акцияларды сатып алуды ұйымдастырылмаған нарықта жүзеге асыруы мүмкін, басқа жағдайлардың барлығында зейнетақы қорларынан өзіне меншікті акцияларды сатып алу қолданыстағы заңнамаға сәйкес нарықтық баға бойынша ұйымдастырылған нарықта іске асырылады.
 9. Банк сатып алған акциялар акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтау кезінде ескерілмейді және Банк акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беруге қатыса алмайды. Банк сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелінбейді және төленбейді.

3-тарау. БАНКТІҢ АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ ТӘРТІБІ

Банк бастамасы бойынша акцияларды сатып алу тәртібі:

10. Орналастырылған акцияларды сатып алу осы Әдістемеге сәйкес, оларды әрі қарай сату үшін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарға Банктің бастамасы бойынша акционердің келісімімен іске асырылуы мүмкін.
11. Банктің бастамасы бойынша Банкпен орналастырылған акцияларды сатып алу Директорлар кеңесінің шешімі негізінде іске асырылады;
12. Өзінің орналастырылған акцияларын Банк келесі жағдайларда :
 - акционерлердің бірінші жалпы жиналысы өткізілгенге дейін;
 - акцияларды орналастыру қорытындысы туралы есеп бекітілгенге дейін;
 - акцияларды сатып алу нәтижесінде Банктің меншікті капиталының мөлшері заңнамамен бекітілген жарғылық капиталдың ең аз мөлшерінен аз болған жағдайда;
 - сатып алу кезінде Банк банкроттық туралы заңнамаға сәйкес мүмкіншілігі жоқтық немесе төлемге қабілетсіздік белгілеріне жауап берген жағдайда немесе көрсетілген белгілер акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;
 - егер сот немесе акционерлердің жалпы жиналысы Банкті тарату туралы шешім қабылдаса;
 - қолданыстағы заңнамада және/немесе Банк Жарғысында көзделген өзге де жағдайларда **сатып алуға құқығы жоқ.**
13. Өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы Банктің Директорлар кеңесінің шешімінде сатып алынатын акциялардың түрлері, олар сатып алатын акциялардың саны, сатып алу құны, сатып алуға өтінім қабылданатын мерзім және акцияларды сатып алу іске асырылатын мерзім және мерзімі өткенде Банк оларды сатып алудан бас тартуға құқылы мерзім, акцияларды төлеу мерзімі, сонымен қатар орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуына арналған өзге де шарттардан тұруға тиіс.
14. Саны орналастырылған Банк акцияларының жалпы санынан бір пайыз артық Банкпен орналастырылған акцияларды сатып алу туралы ұсынысы барлық акционерлерге құны мен сатып алу шарттары бойынша тең дәрежеде қол жетерліктей болуға тиіс және Банк Жарғысында анықталған ресми баспа басылымдарында жариялануы тиіс.
15. Ресми баспа басылымдарында жарияланатын акционерлерге арналған ұсыныста міндетті түрде акциялардың түрлері, саны, сатып алу құны, сонымен қатар Банктің акцияларды өзге де шарттармен сатып алуы, уақыт аралығында сатып алуға өтінім қабылданатын мерзім және акцияларды сатып алу іске асырылатын мерзімі туралы мәліметтер болуы тиіс.
16. Қолданыстағы заңнамада және сауда-саттық ұйымдастырушының ережелерінде белгіленген тәртіпте ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта Банк акцияларды сатып алуды іске асырады.
17. Сатып алуға оның акционерлері мәлімдеген Банктің орналастырылған акцияларының жалпы саны, сатып алуға Банк жариялаған акциялар санынан асатын болса, онда бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялар санына пропорционал түрде сатып алынады.

Пропорция коэффициенті келесі формула бойынша белгіленеді:

$$K = A / C, \quad \text{мұнда}$$

K – пропорция коэффициенті;

A – сатып алуға Банк жариялаған акциялардың жалпы саны;

C – сатып алуға мәлімденген Банкпен орналастырылған акциялардың жалпы саны.

18. Акционерден Банк сатып алатын акциялардың түпкілікті саны, сатып алуға акционер мәлімдеген акциялар санын пропорция коэффициентіне көбейту арқылы есептелінеді.
19. Осы Әдістеменің 4-тарауына сәйкес Банк бастамасы бойынша акцияларды сатып алу құнын анықтау әдістемесі анықталады.

Акционердің талабы бойынша акцияларды сатып алу тәртібі

20. Орналастырылған акцияларды сатып алу Банк акционерінің талабы бойынша Банк арқылы іске асырылуға тиіс, келесі жағдайлары көрсетуі тиіс:
 - акционерлердің жалпы жиналысында Банкті қайта құру туралы шешім қабылдағанда (егер акционер Банкті қайта құру туралы мәселе қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатысса және осы шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе);
 - ірі мәміле бекіту туралы шешіммен және/немесе іске Банктің мүдделілігі бар қолданыстағы заңнамамен және Банк Жарғысымен бекітілген тәртіпте қабылданған мәмілелерді бекіту туралы шешіммен келіспеген кезде;
 - Банк Жарғысына осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқығын шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаса (егер акционер осы шешім қабылданғанда акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе осы жиналысқа ол қатысса және көрсетілген шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе)
21. Осы Әдістеменің 3-тарауының 21 тармағында көрсетілген негіздемелер бар болған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі тиісті шешімді қабылдаған күннен бастап, отыз күн ішінде акционер өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтінішін Банкке беруге құқылы.
22. Өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы акционер өтінішінде сатып алу туралы нақты талабы, сатып алуға акционер көрсетуге тиіс акциялардың саны мен түрін көрсету, сонымен қатар акционердің мекен-жайы мен байланыс телефондары көрсетілуі тиіс.
23. Өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы акционер өтініші Негізгі банкке ресми орналасқан жерінің мекен-жайына жіберілуі тиіс.
24. Өзіне тиесілі акцияларды сатып алуға акционер өтінішін берген жағдайда, осы Әдістемеге сәйкес, Директорлар кеңесі белгілеген баға бойынша акционердің өтінішін алған күннен бастап, отыз күн ішінде Банк оған тиесілі акцияларды сатып алуға міндетті. Банктің акционердің өтінішін алған күн Банктің Кеңесінде тіркелген күн болып табылады.
25. Банк акционер өтінішін алған күннен бастап, он бес күннен кешіктірмей, Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы акционер өтінішін қарауға міндетті. Акционердің өтінішінде көрсетілген бағаға келіспеген жағдайда, Банктің Директорлар кеңесі осы Әдістемеге сәйкес есептелген өз бағасын Банктің Директорлар кеңесі тиісті шешімді қабылдаған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде акционерге жіберу арқылы ұсынуға құқылы.
26. Сатып алу туралы өтінішін берген акционерге Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде акционерге тиесілі акцияларды сатып алу туралы шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдағаны туралы хабарлама, егер мәміле ұйымдастырылған нарықта бекітілсе, сатып алу-сату мәмілесін ресімдеуге керекті құжаттар тізімі жіберіледі.
27. Қолданыстағы заңнамада және сауда-саттық ұйымдастырушының ережелерімен белгіленген тәртіпте ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта Банк акцияларды сатып алуды іске асырады.

Акционердің өтініші бойынша акцияларды сатып алу тәртібі

28. Өз бастамасымен немесе акционердің талабы бойынша Банк акцияларды сатып алу сияқты ескерілетін жағдайлардан өзге заңнамада белгіленген келесі жағдайлардағы акционердің өтініші бойынша орналастырылған акцияларды Банктің сатып алу тәртібі:

- 1) Өзіне тиесілі Банк акцияларын сатқысы келген Банк Акционері өзіне тиесілі акцияларды Банкке сатып алу туралы өтінішпен баруға құқылы.
- 2) Өзіне тиесілі акцияларын Банктің сатып алуы туралы акционердің өтінішінде жазбаша түрде акционердің сатуға ұсынатын акцияларының саны мен құны (акционердің ықыласына қарай акция құны көрсетілуі мүмкін) көрсетуі тиіс және басқа да мәміленің айтарлықтай шарттары, сонымен қатар акционердің мекен-жайы мен байланыс телефондары көрсетілуі тиіс.
- 3) Өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтінішін акционер Негізгі Банктің тиісті құрылымдық бөлімшесіне жіберуге тиіс
- 4) Акционер ұсынған сатып алу туралы өтініш акцияларды сатып алуға акционер жүгінген күннен бастап, отыз жұмыс күннен кешіктірмей Басқарма/Банктің Директорлар кеңесі қарастыруға тиіс. Негізгі Банктің Кеңесінде акционер өтінішін тіркеген күн акционердің Банкке жүгінген күні болып табылады.
- 5) Егер мәлімденген құн жоғары болса немесе акционер Директорлар кеңесінің анықтаған құнымен келіспесе, Банктің Директорлар кеңесі ұсынылған акцияларды акционерден сатып алудан бас тартуға құқылы немесе негізделген басқа себептермен акционерге бас тарту себебі көрсетілген акцияларды сатып алудан бас тарту туралы хабарламаны Банктің Директорлар кеңесі тиісті шешімді қабылдаған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде акционерге жіберу арқылы ұсынуға құқылы.
- 6) Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы тиісті шешімді қабылдаған жағдайда, өзіне тиесілі акцияларды сатып алуды ұсынған акционерге хабарлама жіберіледі, акционерге жіберілетін хабарлама мазмұнында Банктің Директорлар кеңесі оның акцияларын Банк сатып алуы туралы қабылдаған шешімі, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеуге керекті құжаттар тізімі туралы мәліметтер болуға тиіс, сонымен қатар сатып алу-сату шартын жасау үшін акционердің келуге тиіс мерзімі және белгіленген мерзім өткенде Банктің акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы мерзімі көрсетіледі. Акционерден сатып алу бойынша құжаттарды ресімдеу Негізгі Банктің тиісті құрылымдық бөлімшелері арқылы іске асырылады.
- 7) Банктің акцияларды сатып алуы қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпте акцияларды Сатып алу-сату шартына тараптар қол қою және сатып алу-сату мәмілесін ресімдеу жолымен іске асырылады. Акцияларды сату-сатып алу шарты міндетті түрде сатып алынатын акцияларды төлеу үшін ақшаны қолма-қол емес түрде аудару үшін акционердің банктік деректемелеріне нұсқаудан тұруға тиіс.

Сот шешімі бойынша акцияларды сатып алу тәртібі

29. Сот шешімі бойынша шығарылған акцияларды сатып алу:

- 1) Тиісті сот шешімі күшіне енген кезде, Банктің Директорлар кеңесі Банк акционеріне тиесілі акцияларды сатып алу туралы шешімді сот шешімі түскен күннен бастап, он жұмыс күні ішінде, егер сот шешімінде өзге мерзім көрсетілмеген жағдайда қабылдауға міндетті. Негізгі банк Кеңесіне келіп түскен сот шешімін тіркеген күн Банкке сот шешімінің түскен күні болып табылады. Егер сот шешімінде сатып алудың мерзімі мен құны көрсетілсе, Банк сот шешімінде көрсетілген күн бойынша және мерзімде сатып алуға міндетті.
- 2) Банкке сот шешімінің түскен жағдайда, оның заңды күшіне енерден бұрын акцияларды сатып алу туралы шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдау үшін, он күндік мерзімнің есептелуі сот шешімінің заңды күшіне енген күннен басталады.
- 3) Сатып алу туралы шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдаған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде акционерге хабарлама жіберіледі. Акционерге жіберілетін хабарламада Банктің Директорлар кеңесі оның акцияларын Банк сатып алуы туралы қабылдаған шешімі, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеуге керекті құжаттар тізімі туралы мәліметтер болуға тиіс.
- 4) Сот шешімінде сатып алу құны көрсетілмесе, сатып алу құнын Директорлар кеңесі белгілейді. Егер белгіленген сатып алу құнымен акционер келіспеген жағдайда, бұл мәселе сот тәртібінде шешіледі.

4-тарау. АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ ӘДІСТЕМЕСІ

30. Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу құнын анықтаған кезде, келесі әдістемелер бойынша анықталған құн бойынша акцияларды сатып алуға шешім қабылдауға құқылы:

- Ұйымдастырылған нарықтағы орташа мөлшердегі құн бойынша;
- «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ-тың Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес анықталған

нарықтық баға бойынша, нарықтық құнның атауы, оны есептеу алгоритмі өзгерсе және т.б. есептеу кезінде Қазақстан Қор Биржасы» АҚ есептейтін эквиваленттік көрсеткіш қолданылады;

- Банктің меншікті капиталының мөлшерін, Банктің болашақтағы дамуын, Банктің пруденциалдық нормативтерінің заңнама талаптарын сақтауды және бағалы қағаздардың баға белгілеуіне әсерін тигізетін өзге де факторларды есепке ала отырып белгіленген баға бойынша;
- Банктің ішкі ережелерімен бекітілген тәртіпте Банк акцияларын сатып алу бойынша аукциондар өткізу жолымен белгіленген баға бойынша.

31. ***Орташа мөлшердегі құн бойынша сатып алынған акциялар:***

- соңғы 30 күнтізбелік күндегі акцияның орташа мөлшердегі құны қазақстандық ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарықтарындағы ашық сауда-саттық әдісі бойынша бекітілген мәміле бойынша да (сатып алу-сату) және осы Ережелермен бекітілген жағдайлар мен тәртіпте шетелдік ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарықтарында бекітілген мәміле бойынша да (сатып алу-сату) есептелінуді мүмкін;
- акцияның соңғы 30 күнтізбелік күндегі орташа мөлшердегі құнын есептеу, тек ресми мәліметтер негізінде бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылар іске асырады. Акцияның орташа мөлшердегі құнын есептеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында іске асырылады, мәміле шетелдік ұйымдастырылған нарықта бекітілген жағдайда, акцияның орташа мөлшердегі құнын есептеу Қазақстан Қор Биржасы» АҚ-тың валюталық сауда-саттығындағы орташа мөлшердегі бағам бойынша іске асырылады;
- қазақстандық ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарықтарында ашық сауда-саттық әдісі бойынша Банктің акцияларымен жасалған мәміле болмаған жағдайда, Банк соңғы 30 күнтізбелік күндегі акцияның орташа мөлшердегі құнын есептеуді шетелдік ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарықтарында Банк акцияларымен немесе оларға шығарылған депозитарлық қолхаттармен сауда-саттық көлемі туралы деректер қолданылуы мүмкін. Сонымен бірге Банк акциялары бірден бірнеше шетелдік ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға жіберілсе, Банк есептеуді жүргізу кезінде барлық ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында мәмілелер көлемі туралы ақпаратты қолдануға міндетті;
- белгілі бір уақыт кезеңінде анықталған акцияның орташа мөлшердегі құны акциялармен жасалған мәміле көлемін ақшалай түрде осы уақыт кезеңінде осы мәмілелердегі акциялар санына бөлу нәтижесінде алынған құн.

Соңғы 30 күнтізбелік күндегі акцияның орташа мөлшердегі құны төмендегі формула бойынша есептелінеді:

$$C = V / A, \quad \text{мұнда}$$

C – соңғы 30 күнтізбелік күндегі акцияның орташа мөлшердегі құны;

V – соңғы 30 күнтізбелік күндегі қазақстандық және/немесе шетелдік ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарықтарында ақшалай түрдегі осы акциялар бойынша мәмілелер көлемі (көрсетілген кезеңде акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу жолымен есептеледі);

A – соңғы 30 күнтізбелік күндегі жасалған мәмілелердегі акциялар саны (көрсетілген кезеңде акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу жолымен есептеледі);

32. ***«Қазақстан Қор Биржасы» АҚ ұсынған Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес, анықталған акцияларды нарықтық құн бойынша сатып алу:***

«Қазақстан Қор Биржасы» АҚ ұсынған Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес анықталған орналастырылған акцияларды сатып алу нарықтық құн бойынша іске асырылады, егер нарықтық құнның атауы, оны есептеу алгоритмі өзгерсе және т.б., онда есептеу кезінде «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ есептейтін эквиваленттік көрсеткіші қолданылады;

33. Акцияларды Банктің меншікті капиталының мөлшерін, Банктің болашақтағы дамуын, Банктің пруденциалдық нормативтерінің заңнама талаптарын сақтауды және бағалы қағаздардың баға белгілеуіне әсерін тигізетін өзге де факторларды есепке ала отырып, сатып алу

34. Аукцион өткізу жолымен белгіленген құн бойынша акцияларды сатып алу:

Орналастырылған акцияларды сатып алу акцияларды сатып алу бойынша аукцион өткізу жолымен белгіленген құн бойынша, Банктің ішкі ережелерімен белгіленген тәртіпте іске асырылады.

5-тарау. ТҮРЛІ САТЫП АЛУ ВАРИАНТТАРЫНДА АКЦИЯЛАР ҚҰНЫН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

35. Банктің бастамасы бойынша акцияларды сатып алу:

- соңғы 30 күнтізбелік күнде жергілікті және/немесе шетелдік ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарықтарында қалыптасқан орташа мөлшердегі құн бойынша іске асырылады, осы мәселені Банк Басқармасы қарастыратын күннің алдыңғы үш жұмыс күнінен басталады;
- осы мәселені Банк Басқармасы қарастырғанға дейінгі үш жұмыс күнінде қалыптасқан «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ-тың Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес анықталған нарықтық құн бойынша;
- осы мәселені Банк Басқармасы қарастырғанға дейінгі үш жұмыс күнінде белгіленген, Банктің меншікті капиталының мөлшерін, Банктің болашақтағы дамуын, Банктің пруденциалдық нормативтерінің заңнама талаптарын сақтауды және бағалы қағаздардың баға белгілеуіне әсерін тигізетін өзге де факторларды есепке ала отырып, белгіленген баға бойынша іске асырылады;
- Банктің ішкі ережелерімен белгіленген тәртіпте акцияларды сатып алу бойынша аукцион өткізу жолымен белгіленген құн бойынша. Алғашқы (бастапқы), ең төменгі, ең жоғарғы және лот мөлшерін Директорлар Кеңесі белгілейді.

36. Акцияны акционердің талабы/өтініші бойынша сатып алу:

- соңғы 30 күнтізбелік күнде жергілікті және/немесе шетелдік ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарықтарында қалыптасқан орташа мөлшердегі құн бойынша іске асырылады, Негізгі банктің Кеңесінде акционердің өтініші тіркелген күніне;
- осы мәселені Банк Басқармасы қарастырғанға дейінгі үш жұмыс күнінде қалыптасқан Қазақстан Қор Биржасы» АҚ-тың Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес анықталған нарықтық құн бойынша іске асырылады.

37. Сот шешімі бойынша акцияларды сатып алу:

- соңғы 30 күнтізбелік күнде жергілікті және/немесе шетелдік ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарықтарында қалыптасқан орташа мөлшердегі құн бойынша іске асырылады, Негізгі банктің Кеңесіне келіп түскен сот шешімін тіркеу күніне және сот шешімінде көрсетілген күніне;
- Қазақстан Қор Биржасы» АҚ-тың Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес анықталған нарықтық құн бойынша іске асырылады, Негізгі банктің Кеңесіне келіп түскен сот шешімін тіркеу күніне және сот шешімінде көрсетілген күніне;
- Банктің меншікті капиталының мөлшерін, Банктің болашақтағы дамуын, Банктің пруденциалдық нормативтерінің заңнама талаптарын сақтауды және бағалы қағаздардың баға белгілеуіне әсерін тигізетін өзге де факторларды есепке ала отырып, белгіленген баға бойынша іске асырылады.
- Банктің тиісті органы келіскен жағдайда, сот шешімімен белгіленген құн бойынша іске асырылады.

38. Қорытынды ереже

Осы ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

**«АТФБанк» акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасының міндетін
атқарушы**

А.А. Пикер

**«АТФБанк» акционерлік қоғамының
Бухсеп және есеп беру
департаментінің
Директоры - Бас бухгалтер**

А.М.Деревянко

**«АТФБанк» акционерлік қоғамының
Аудит және ішкі бақылау
департаментінің Директоры**

А.Е. Тағашев